

## «Жас Ұлан» ұйымының 2024-2025 оқу жылының 1-жарты жылдығында атқарылған жұмысына есеп

1-қыркүйек «Білім күніне» орай оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, достық пен жауапкершілік, бір – біріне сыйластық құндылықтарын дарыту мақсатында «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиынға Мемлекеттік Ту енгізіліп, ҚР-ның Әнұранын орындаумен басталды. Жиында 1-сыныпқа қабылданған оқушыларға әліппе оқулығы тапсырылып, жаңа оқу жылының бұйрығымен таныстырылды.

Оқушылар арасындағы әлімжеттікке жол бермеу, өзара сыйластықты нығайту мақсатында «Буллингке жол жоқ!» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылып, өткізілді.

Оқушы бойындағы адалдық қасиеттерін дамыту, жақсы мінез қалыптастыру мақсатында ұйым мүшелерінің қатысуымен «Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді» тақырыбында шара өткізілді.

Қарттарымызды құрметтеу, қадірлеу, үлкенге құрмет көрсету мақсатында 1-қазан Қарттар күні мейрамы қарсаңында мектеп оқушыларының қатысуымен мерекелік шара өткізілді. Мерекелік кеште ән айтылып, би билеп, көңілді көріністер қойылды. Кеш соңында мереке иелеріне арнап дастархан жайылды.

Ұстаздарға деген құрметті арттырып, қадірлеу мақсатында 5-қазан ұстаздар күні мерекесіне арнап, құттықтаулар мен меркелік кеш ұйымдастырылды. Ұйым мүшелері ұстаздарды құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Ұстаздар мерекесі құттықтаулардың соңын мерекелік кешпен аяқтады. Кеште әдемі әндер айтылып, би билеп, көңілді көріністер қойылды.

Ұстаздарға деген құрметті арттырып, қадірлеу мақсатында 5-қазан ұстаздар күні мерекесіне орай, Дублер күні ұйымдастырылды. Шараға 6-8 сынып оқушылары қатысып, бір күн ұстаздардың орнын ауыстырып, білім алушыларға сабақ берді.

Жас Ұлан ұйымының өзін – өзі жетілдіру жоспарына сәйкес, оқушыларды өнер мен білімге қатар баулу, мақсатында құрылған «Ақсу» КВН командасы облыстық жайдарман филиалының ұйымдастыруымен өткен жартылай финал ойынына қатысып, келесі кезең финалға жолдама алды.

Оқушылардың патриоттық сезімдерін дамыту, еліміздің тарихына деген құрметтерін дамыту мақсатында 25-қазан Республика күні мерекесіне орай концерттік шара ұйымдастырылды. Оқушылар патриоттық әндер айтып, ұлттық би билеп, сахналық қойылым қойылды.

Қазан айының 19-ы күні ұйым көшбасшысын және ұйым белсенділерін анықтау мақсатында сайлау өткізілді. Сайлауда екі үміткер бақ сынап, нәтижесінде 9-сынып оқушысы Сейіт Әйгерім мектептік парламенттің президенті, 9-сынып оқушысы Мағауия Дәулет Жас Ұлан ұйымының көшбасшысы болып тағайындалды.

Қараша айында мектеп оқушыларынан құралған «Ақсу» КВН құрамасы облыстық жайдарман ойындарында үздік өнер көрсетіп, «Чемпион 2024жыл» атағын жеңіп алды.

Қараша айында оқушыларға құқық туралы кеңінен ақпарат беру мақсатында «Құқық және заң жауапкершілігі» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында зияткерлік ойын өткізілді. Шара барысында оқушылар өз құқықтары

мен заң туралы білетіндерін ортаға салып, сұрақтарға жауап беріп белсенділік танытты.

Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін және зардабы туралы ақпараттандыру үшін және өз білімдерін сынау үшін «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылып, өткізілді. Шараға қатысушы оқушылар өз ойларын ортаға еркін түрде жеткізе алды.

Желтоқсан айында оқушыларға жаман әдеттен аулақ болу есірткінің зардабы мен зиянын түсіндіру үшін «Есірткіге жол жоқ!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бейнеролик көрсетіліп, ақпараттар берілді.

Оқушылардың бойына патриоттық сезімін арттыру мақсатында «Мен елімнің патриотымын!» тақырыбында интеллектуалды ойын өткізілді. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірнеше бөлімнен тұратын сайыстарда өз білімдерін ортаға салды. Сұрақтарға жауап беріп, ақпарат алмасты.

Желтоқсан айында оқушылардың танымдық деңгейін дамыту мақсатында бастауыш сынып оқушылары арасында танымдық ойын ұйымдастырылып өткізілді. Ойын барысында оқушыларға әр түрлі бағытта тапсырмалар берілді. Оқушылар қызыға отырып, белсенділікпен тапсырмаларларды жоғары деңгейде өткізді.

Желтоқсан айында оқушылардың тәуелсіздікті бағалауды, Отанға деген сүйіспеншілігін дамыту мақсатында «Тәуелсіздік тұтқасы – бізге аманат!» тақырыбында шығармашылық жұмыстар ұйымдасытырылып, тәрбие сағаттар өткізілді. Оқушылар сурет салып, эссе жазды. Тәрбие сағаты кезінде оқушыларға Тәуелсіздік белестері таныстырылды.

Жаңа жылдық көңіл күй сыйлау, өнерге баулу мақсатында «Қош келдің, Жаңа жылым!» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кеште оқушылар мен қатар ұстаздар да кеш кейіпкерлерін сөйлетіп, мерекенің қызық та көңілді өтуіне ат салысты. Мерекеді ән айтылып, би билеп, көңілді қойылымдар қойылды.

Мектеп директорының орынбасары А.Б. Исбуסיнова



